

Сбербанк Онлайн – бұрынғыдан да жақынырақ әрі жақсырақ!

15 қаңтар 2018 жыл, Алматы – Сбербанк Онлайнда маңызды жаңартулар жүргізілді. Тәулігіне 3 000 000 теңгеге дейін операциялардың ең көп сомасына лимиттер ұлғайтылды. Сондай-ақ, клиенттер SMS бойынша парольді растаусыз 5 000 теңгеге дейінгі сомаға тәулігіне 2 операция жүргізе алады. Сонымен қатар, жинақтау үшін мақсаттарды құру, қонақтарға арналған және анонимді Сбербанк Онлайнда Сбербанк карталары жоқ клиенттер үшін кредитке өтінімдер жөнелту функциялары қосылған. Енді Сбербанк Онлайн клиенттері Iphone X-та Face ID бойынша кіре алады және контекст мәзірінде жеке аватарды орната алады.

Тәулігіне 3 000 000 теңгеге дейін операциялардың ең көп сомасына лимит

- Бірінші реттік тіркелу кезінде клиент операцияларды 100 000 теңгеге дейінгі сомаға жүргізе алады. Лимиттен асыру қажеттілігі жағдайында, клиентке Байланыс орталығына хабарласа отырып, сәйкестендіруді жүргізу керек. Лимит тұрақты негізде тәулігіне 500 000 теңгеге дейін ұлғаяды. Ол клиент қаражаттарының қауіпсіздігі мен қорғанысы үшін жасалады.
- Сбербанк Онлайнда сыртқы операцияларға жалпы лимит тәулігіне 3 000 000 теңгені құрады.

Сбербанк Онлайнда SMS-сіз операция жүргізу

- Сбербанк Онлайн пайдаланушысы SMS арқылы парольді растаусыз, әрқайсысы 5 000 теңгеден аспайтын сомаға тәулігіне екі операция жүргізе алады;
- Қызмет келесі компаниялардың пайдасына төлем жасау үшін қолданылмайды: Олимп, Qiwi, Яндекс-деньги.

Автоаударымдар

Енді Сбербанк Онлайн пайдаланушылары автоаударымдарды жүргізе алады: өз шоттары мен карталары арасында, Сбербанк және басқа банктердің клиенттерінің карталарына, өзге банктегі кредитті төлеу, жеке тұлғаның деректемелері бойынша немесе ұйым пайдасына ақша аудару. Автоаударым клиенттерге реттеуші операцияларды жүзеге асыру жөнінде ұмытуға мүмкіндік береді. Сбербанк Онлайн оны сіз үшін жасайды.

Сбербанк клиенттеріне арналмаған, қонақтарға арналған Сбербанк Онлайндағы Кредит туралы өтінім

Егер мобильді қосымшаның пайдаланушысы Сбербанк клиенті болып табылмаса, ол Сбербанк Онлайн арқылы кредитке өтінім бере алады. Ол үшін қосымшаны өз

смартфонына жүктеп алып, өтінім нысанын толтыруы тиіс. Сондай-ақ, пайдаланушы өзге банктің картасын бекіту арқылы Сбербанк Онлайн мобильді қосымшасында 1 500-ден астам төлем жасай алады.

Анықтама:

Сбербанк Онлайн – жеке тұлғаларға арналған интернет банкинг. Бүгінде Сбербанк Онлайнды 160 мыңнан астам белсенді клиент пайдаланады, тағы 130 мың клиент мобильді қосымшаны таңдайды. Платформа клиенттерге мүмкіндіктердің кең функционалын ұсынады:

1. 150-ден астам сервис
2. 1 500-ден астам әр түрлі төлемдер
3. Өлемнің кез келген еліне ақшалай аударымдар;
3. ҚР-дағы және шетелдегі шоттарға ұлттық және шетел валютасындағы ақша аударымдары
4. Картасыз код бойынша банкоматтардан қолма-қол ақшаны алу;
5. 24/7 Онлайн депозитті ашу, ішінара толықтыру және одан ақшаны алу;
6. Қосарлы сәйкестендіру жүйесі бар ең заманауи қорғаныс.

Сбербанк Онлайнға тіркелу үшін сізде қосылған SMS-банкингі бар Сбербанктің белсенді картасы болуы тиіс.

«Сбербанк» АҚ ЕБ Халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 11 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-ның 83 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы - филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Екатерина Купреева
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)
e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz

www.sberbank.kz